

"Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру және ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 03 сәуірдегі N 111 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 16 мамырда N 2698 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 маусымдағы № 291 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 07.06.2016 № 291 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азamatтық Кодексінің 42 – бабына, "Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17 бабының 6), 7) тармақшалары және 159 – бабына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылдың 29 қазандығы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылсын.
2. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (бұдан әрі – Ереже) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Б.Қарасаев) белгіленген тәртіппен Ережені әділет органдарында тіркеуден өткізсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Досымбековке жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

A. Мұсаханов

Алматы облысы әкімдігінің
2014 жылғы "03" сәуір
N 111 "Алматы облысының
ветеринария басқармасы"

мемлекеттік мекемесін құру
және ережесін бекіту
туралы" қаулысына қосымша

"Алматы облысының ветеринария басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытты басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомствалары жоқ.
3. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 үй. Индекс 040000.
10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатаинастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Дамушы экономика жағдайында аумақтың эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету және аграрлық сектордың экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуға бағытталған ветеринария саласындағы бірегей мемлекеттік саясатты жүргізу "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы болып табылады.

15. Міндеттері:

- 1) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
- 2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;
- 5) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;
- 6) жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қарсы күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қуралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану;
- 7) жеке және занды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;
- 8) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

16. Функциялары:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен берлесе

отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара алмасуды жүзеге асыру;

- 2) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;
- 4) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;
- 5) ветеринариялық мақсаттағы препараттар өндірісін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау;
- 6) уәкілетті орган белгіленген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шағыру;
- 7) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағына ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 8) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар өткізуі ұйымдастыру;
- 9) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізуіді) ұйымдастыру;
- 10) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізуін ұйымдастыру;
- 11) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;
- 12) жануарлардың энзоотиялық аурулардың профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізуіді) ұйымдастыру;
- 13) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті

ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

13-1) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру;

13-2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13-3) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттең-қарауды жүргізу;

13-4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13-5) эпизоотологиялық зерттең-қарау актісін беру;

13-6) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

экспорттын (импорттын) және транзитті қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда,

маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

13-7) мал қорымдарын (биотермиялық шұнқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

13-8) жеке және занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

14) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

15) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

16) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;

17) профилактика мен диагностика бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту;

18) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облысы әкімдігінің 13.05.2015 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) занда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;
- 2) мекеменің толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері болуына;
- 3) оралымды басқаруында мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуына;
- 4) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы зандары бұзылған

жағдайда сотқа талап қоюға құқығы бар;

4-1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдары нормаларының орындалуын тексеру, сондай-ақ ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпарат алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кедергісіз (қызмет күелігін көрсетіп) кіруіне;

4-2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау үшін, зерттеу жүргізу мерзімі туралы мүдделі тараптарға хабарлай отырып, олардың сынамаларын іріктеп алушы жүргізуге;

4-3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізуге;

4-4) ветеринариялық құжаттар беруге;

4-5) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңында берілген екілеттіктер шегінде актілер шығаруға;

4-6) ветеринариялық-санитариялық қолайлыш аумақтарда, сондай-ақ қолайсыз пункттерде жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларды алып қоюға және жоюға, оларды залалсыздандыруды (зарарсыздандыруды) немесе өндеуді ұйымдастыру ісіне қатысуға, сондай-ақ аталған фактілер туралы денсаулық сақтау саласындағы үәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облысы әкімдігінің 13.05.2015 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындейды және қызметтен босатады

20. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтөн босатылатын орынбасары болады.

21. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) орынбасарының және бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;
- 2) қызметкерлерді тағайындауды және лауазымдарынан босатады;
- 3) белгіленген заңнамалық тәртіппен қызметкерлерді ынталандыруды жүзеге асырады;
- 4) белгіленген заңнамалық тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;
- 5) өз құзырының шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттарына қол қояды;
- 6) бөлімдердің ережелерін бекітеді;
- 7) мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда сенім хатсыз "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атынан өкілдік етеді;
- 8) жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;
- 9) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдерімен аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) ветеринария бөлімдерінің басшыларын қызметке тағайындауға келісім береді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады;

"Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтөн босатылатын басқарма басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізімі

"Алматы облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағында ұйымдар қаастырылмаған.